

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2024 жылғы «03» мамырдағы
№ 7 хаттамасына №21 қосымша

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2024 жылғы «03» мамырдағы
№ 7 шешіммен бекітілген

**«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының
Инвестицияларды сақтандыру қағидалары**
(2026 жылғы «23» сәуірдегі жағдай бойынша № 1 өзгерістер мен толықтыруларымен)

Астана қ., 2024 жыл

ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Инвестицияларды сақтандыру қағидалары
ІНҚ иесі	Сақтандыру және кепілдік департаменті
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Қоғамның барлық қызметкерлерін ІЖҚ-мен таныстыру бойынша іс-шаралар	ІНҚ «Ішкі портал» желілік дискісіне орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы жіберу
Енгізілген өзгерістер мен толықтырулар:	
«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «23» сәуірдегі шешіміне (№ 06 хаттама) сәйкес № 1 өзгерістер мен толықтыруларымен	2026 жылғы «23» сәуірдегі № 06

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	4
2-тарау. Сақтандыру объектісі	5
3-тарау. Сақтандыру жағдайлары	5
4-тарау. Сақтандыру оқиғаларынан болдырмау және сақтандыруды шектеу	6
5-тарау. Кешілдіктер	8
6-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі	8
7-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны	9
8-тарау. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі	9
9-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы	10
10-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	10
11-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтанушының іс-әрекеті	12
12-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі	12
13-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары	13
14-тарау. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі	14
15-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары	15
16-тарау. Суброгация	16
17-тарау. Қосымша шарттар	16
18-тарау. Дауларды шешу тәртібі	16

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының осы Инвестицияларды сақтандыру қағидалары (бұдан әрі-Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалардың шарттарында бұдан әрі «Сақтандырушы» деп аталатын «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ өз Жарғысына сәйкес Сақтандырушының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес қолдау жүзеге асырылатын жобалар бойынша инвестицияларды сақтандыру шарттарын (бұдан әрі - Сақтандыру шарты) жасасады.

3. Осы Қағидалардың мақсаты қазақстандық инвестор шетелде жүзеге асыратын инвестицияларды осы Қағидалардың 3-тарауында көрсетілген оқиғалардың басталу тәуекелдерінен сақтандыру жөніндегі үлгі шарттарды айқындау болып табылады.

4. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Шартсыз франшиза - сақтандыру шартында белгіленген, сақтандыру төлемінен шегерілетін сома. Шартсыз франшиза Сақтандыру сомасына пайызбен не абсолюттік мөлшерде белгіленеді;

2) Мемлекеттік орган - Конституциямен, заңдармен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен мемлекет атынан мыналар бойынша

– жалпыға міндетті мінез-құлық ережелерін айқындайтын актілер шығару;

– әлеуметтік маңызы бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеу;

– мемлекет белгілеген жалпыға міндетті мінез-құлық қағидаларының сақталуын бақылауды мемлекеттік басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекеме.

3) Сақтандыру шарты - оған сәйкес, Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға Сақтандыру шартында белгіленген Сақтандыру сомасы шегінде Сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенетін Инвестицияларды Сақтандыру шарты;

4) Инвестициялау шарты - оған сәйкес Инвестор инвестициялық салымдарды жүзеге асыруға, ал Шетелдік компания Инвестициялау шартында көрсетілген міндеттемелерді орындауға (қызмет көрсетуге, жұмысты орындауға және т. б.) міндеттенетін Инвестор мен шетелдік компания арасындағы келісім;

5) Инвестор - Қазақстан Республикасының резиденті, инвестициялау елінің аумағында инвестициялық салымдарды жүзеге асыратын заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;

6) Шетелдік компания - инвестициялау елінің заңнамасына сәйкес құрылған (тіркелген), оған қатысты Сақтандырушының сақтандыру қорғауымен жабылған инвестициялар жүзеге асырылатын шетелдік заңды тұлға;

7) Күту кезеңі - Сақтандыру жағдайы басталған деп есептелетін мерзім өткеннен кейін Сақтандыру шартында белгіленген уақыт кезеңі. Күту кезеңі Сақтандырушы Сақтанушыдан Сақтандыру жағдайы туралы хабарлама алғаннан кейін келесі күні басталады;

8) Сақтанушы - Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан Инвестор. Сақтандыру шарты бойынша сақтанушы бір мезгілде сақтандырылған және пайда алушы болып табылады;

9) Сақтандыру сыйлықақысы - Сақтандырушы Сақтандыру шартында белгіленген талаптар мен мөлшерде сақтанушыға Сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін сақтандырушыға төлеуге міндетті қазақстандық теңгемен көрсетілген ақша сомасы;

10) Сақтандыру сомасы - Сақтандыру объектісі сақтандырылған және Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы. Сақтандыру валютасының түрі сақтандыру шартында айқындалады;

11) Сақтандыру төлемі - Сақтандырушының Сақтанушыға Сақтандыру жағдайы

басталған кезде Сақтандыру сомасы шегінде төлейтін, қазақстандық теңгемен көрсетілген ақша сомасы;

12) Сақтандыру оқиғасы - нәтижесінде сақтанушының мүліктік мүдделеріне залал келтірілуі мүмкін және кейіннен сақтандыру жағдайы деп танылуы мүмкін оқиға;

13) Сақтандыру оқиғасы - басталған кезде сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

14) Инвестициялау елі - аумағында сақтанушының инвестициялары жүзеге асырылатын, осы Қағидаларда және Сақтандыру шартында айтылған шарттарда Сақтандырушының сақтандыру қорғауымен жабылған шет мемлекет;

15) Сақтандыру мүддесі - бұл Сақтанушының тәуекелдердің алдын алудағы және Сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеудегі мүліктік мүдделері;

16) Залал - Сақтанушының Инвестициялау шарты бойынша инвестициялық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын залалы. Залал анықтамасына алынған пайда; тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар, өсімдер; есептелген және мерзімі өткен сыйақылар, комиссиялар және жүзеге асырылған экспорттық жеткізілім сомасын төлеу болып табылмайтын ақшалай төлем сипатындағы өзге де ұқсас төлемдер; моральдық залал; инвестициялау шарты бойынша қандай да бір берешекті өндіріп алу үшін айналымға байланысты пайда болған, оның ішінде сот органдарына жүгіну шығындары; сондай-ақ басқаның ақшасын заңсыз пайдаланудан келтірілген залалдар кірмейді;

17) Бағалы қағаз - мүліктік құқықтарды куәландыратын белгілі бір жазбалар мен басқа да белгілердің жиынтығы;

18) Экспорттаушы - қазақстандық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді экспорттайтын заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;

Жоғарыда көрсетілген ұғымдар, егер Қағидаларда өзгесі көзделмесе, Қағиданың мәтіні бойынша жалғыз немесе көпше түрде, бас немесе кіші әріппен пайдалануға қарамастан, осы тармақта айқындалған мағынада түсініледі.

2-тарау. Сақтандыру объектісі

5. Сақтанушының төменде санамаланған активтерге және олар бойынша кірістерге инвестицияларға қатысты инвестициялау шарты бойынша инвестициялық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде залалдың туындауына байланысты сақтанушының мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады:

- үлестік бағалы қағаздар, қатысу құқығы;
- лицензиялауға және халықаралық лизингке байланысты мүліктік құқықтар;
- несиелер, қарыздар, ақшалай несие капиталының басқа да түрлері;
- мақсаты шетелде табыс алу болып табылатын өзге де ақшалай немесе материалдық салымдар.

3-тарау. Сақтандыру жағдайлары

6. Осы Қағидаларға сәйкес жасалған сақтандыру шарты бойынша инвестор төменде санамаланған бір немесе бірнеше оқиғалардың басталуы нәтижесінде болған залал тәуекелінен сақтандырылады:

1) Экспроприация - егер сақтандыру шартында өзгеше мерзім белгіленбесе, сақтандыру объектісіне қатысты сақтанушыны меншік құқығын шектейтін немесе одан айыратын инвестициялау елінің мемлекеттік органының заңнамалық және/немесе әкімшілік әрекеті, оның ішінде экспроприациялау, мемлекет иелігіне алу, тәркілеу, меншік құқығын шектеу актілері;

2) инвестициялау еліндегі соғыс, азаматтық толқу, жаппай сипаттағы тәртіпсіздік;
3) егер сақтандыру шартында өзгеше мерзім белгіленбесе, кемінде 180 (бір жүз сексен) күнтізбелік күн ішінде инвестицияланатын елдің мемлекеттік органының инвесторға инвестицияланған капитал мен ол бойынша кірісті еркін айырбасталатын валютаға және трансфертке айырбастауға кедергі келтіретін күтпеген іс-әрекеті.

7. Сақтандыру шартында Сақтандыру жағдайларының тізбесі осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес көрсетіледі.

8. Осы тарауда және Сақтандыру шартында айқындалған және инвестордың сақтандыру объектісін ішінара немесе толық жоғалтуына әкеп соғатын бір немесе бірнеше оқиғалардың басталу фактісі сақтандыру жағдайы болып табылады.

9. Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиға төменде аталған барлық белгілерге ие болуы тиіс:

1) оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;
2) оқиғаның нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның басталуы нәтижесіндегі залалдың мөлшеріне қатысты болжамсыздық;

3) оқиға сөзсіз және объективті түрде Сақтандыру шартының қолданылуы шегінде, бұл туралы оның тараптары немесе, кем дегенде, Сақтанушы көрінеу білген немесе алдын ала хабардар болған, болуы тиіс деген қауіптің болмауы;

4) оқиғаның басталуында Сақтанушының мүліктік мүддесі үшін теріс, тиімсіз экономикалық салдарлар бар;

5) оқиғаның басталуы Сақтанушының ерік білдіруімен және (немесе) ниетімен байланысты емес және пайда табу және (немесе) ұтысты (алыпсатарлық тәуекел) алу мақсатын көздемейді.

4-тарау. Сақтандыру оқиғаларынан болдырмау және сақтандыруды шектеу

10. Егер сақтандыру шартында өзгеше айтылмаса, сақтандыру қорғауымен мынадай сақтандыру жағдайларының туындауы салдарынан туындаған шығындар өтелмейді:

1) сақтанушының немесе шетелдік компанияның сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

2) сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған сақтанушының және/немесе шетелдік компанияның іс-әрекеттері.

3) егер бұл осы Қағидалардың 3-тарауында және сақтандыру шартында санамаланған оқиғалардан туындамаса, сақтанушының және/немесе шетелдік компанияның экономикалық және қаржылық жағдайының нашарлауы, оның ішінде төлем қабілетсіздігі, банкроттық, дефолт;

4) сақтанушы және/немесе шетелдік компания тарапынан олар қабылдаған шарттарды, міндеттемелер мен кепілдіктерді кез келген бұзушылықтар;

5) радиацияның және/немесе радиоактивті зақымданудың, ядролық қаруды пайдаланудың, уытты заттарды қолданудың немесе жылыстаудың тікелей немесе жанама әсері;

6) мынадай бес мемлекеттің: Қытай Халық Республикасы, Америка Құрама Штаттары, Ресей Федерациясы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі, Француз Республикасы арасындағы соғыс (соғыс қимылдары басталғанға дейін немесе одан кейін);

7) сақтандыру төлемі қоршаған ортаның ластануын болдырмау, ластануға қарсы күрес немесе қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі қандай да бір шығыстарды қамтымайтынын назарға ала отырып, сақтанушының немесе шетелдік компанияның қоршаған ортаны немесе денсаулықты қорғауға, халықтың құқықтарын қорғауға қатысты мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтамауы;

8) сақтанушы немесе шетелдік компания инвестициялау елінің мемлекеттік органының

кемсітушілік сипаты жоқ нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтамауы;

9) сақтандыру шартын жасасу күніне немесе оны ұзартудың кейінгі мерзімі немесе оны қайта жаңарту күніне орын алған шет мемлекеттің мемлекеттік органының іс-қимылы;

10) валютаның айырбас бағамының өзгеруі (егер залал осы жағдайға байланысты болса);

11) сақтанушы келіскен және ол бойынша жауапты болатын инвестициялау елінің мемлекеттік органының іс-әрекеті;

12) инвесторға инвестициялау елінен ақша қаражатын аударуға және айырбастауға сақтандыру шартының қолданылу мерзімі басталған күнге дейін немесе сақтандыру шартын ұзартудың немесе жаңартудың келесі мерзімі күніне шектеулердің болуы немесе сақтанушы және/немесе шетелдік компания ақша қаражатын айырбастау немесе аудару үшін заңнама бойынша талап етілетін барлық рәсімдерді орындамауы;

13) сақтанушының сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы, сондай-ақ сақтанушының сақтандыру шартын жасасу және іске асыру үшін сақтандырушыдан сақтандыру объектісі туралы, оның ішінде оның нысаналы пайдаланылуы, шетелдік компания, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы кез келген елеулі фактілерді, мән-жайларды және/немесе талаптарды жасыруы;

14) сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған залалдарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбауы;

15) 40-тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген жағдайдың басталғаны туралы сақтандырушыға хабарламау немесе уақтылы хабарламау;

16) сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ сақтандырушыға талап ету құқығын беруге қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;

17) сақтанушының инвестициялау елінің мемлекеттік органынан немесе кез келген басқа мекемелерінен тиісті залалдың толық мөлшердегі өтемін алуы;

18) сақтанушының осы Қағидалардың 5-тарауында көрсетілген қандай да бір кепілдіктерді сақтамауы.

19) осы Қағидалардың 3-тарауында көрсетілген оқиғаларға байланысты емес оқиғалар;

20) Сақтандырушының жауапкершілігін немесе сақтандыру төлемінен босатуды болдырмайтын басқа негіздер бойынша туындаған залалдар.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес Қағидалар 10-1-тармағымен толықтырылды

10-1. Сақтандырушының Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуының негізі ретінде, осы Ережелерде көрсетілген басқа да негіздерден басқа, Сақтанушының сақтандыру оқиғасының орын алу жағдайларын зерттеуге және келтірілген Зақым көлемін анықтауға Сақтандырушыға кедергі келтіруі болуы мүмкін.

11. Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайларынан өзге де ерекшеліктер, сақтандыру төлемінен босату және сақтандырудың өзге де шектеулері көзделуі мүмкін.

12. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі немесе Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан санкциялар, тыйымдар және өзге де шектеулер қойылғанға дейін жасалған қолданыстағы сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді орындауды аяқтауға рұқсат алу жағдайларын қоспағанда, егер қандай да бір бөлігінде сақтандыру қорғанысы, сақтандыру төлемі сақтандырушы үшін не оның органы үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің қарарларына не Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңдарына немесе қаулыларына сәйкес сауда немесе экономикалық санкцияларға сәйкес санкциялар, тыйым салулар не шектеулер әкеп соғатын болса, сақтандырушы сақтандыру қорғанысын бермейді, сондай-ақ сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді орындамайды.

Қағидалар 13-бабы Қоғамның Директорлар кеңесінің «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес баяндалды

13. Сақтандырушылар сақтандырушыдан сақтандыру төлемін немесе сақтандыру

сыйлықақысын мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда төлеуден бас тартуға құқылы, егер сақтандыру шартының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жуу) мақсатында, терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жоятын қару таратуды қаржыландыру үшін пайдаланылатындығына қатысты күмәндер туындаса, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіп бойынша.

5-тарау. Кепілдіктер

14. Сақтанушы мыналар бойынша кепілдік береді және келіседі:

1) ол сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайына әкелуі мүмкін сақтандыру шартын жасау күніне қандай да бір талаптарды, талаптарды немесе оқиғаларды білмейді және сақтанушы ұсынған барлық ақпарат шынайы және дұрыс болып табылады және ешқандай маңызды ақпарат жасырылмаған;

2) меншік құқығы және қатысу құқығы, инвестициялау елінің сақтанушы мен шетелдік компаниясы арасындағы барлық шарттар инвестициялау елінің заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне толық сәйкес жүзеге асырылды және тіркелді;

3) ол барлық жауапкершілікпен сақтандыру шартының қолданылу мерзімі кезінде және егер ол сақтандыру шартын жасамаған жағдайда әрекет етеді және Залалды болдырмау, азайту және/немесе өтеу үшін барлық ықтимал шараларды, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, қабылдайтын болады:

- сақтандырушымен келісім бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырғанға дейін және / немесе жүзеге асырғаннан кейін барлық ықтимал шаралар, оның ішінде қолжетімді болуы мүмкін дипломатиялық, заңдық, әкімшілік, бейресми шаралар;

- валютаны айырбастау және ақша аудару жөніндегі шаралар;

- сақтандырушының жазбаша келісімінсіз кез келген залалға немесе ықтимал шығынға қатысты қандай да бір ымыраға келу шарттарын жасасуға жол бермеу;

- жазбалар мен құжаттарға, сондай-ақ куәларға қолжетімділікті қоса алғанда, шетелдік компания тарапынан сақтандырушымен толық ынтымақтастықты қамтамасыз ету;

4) ол және / немесе шетелдік компания инвестициялау елінің заңнамасына сәйкес талап етілетін лицензияларды немесе рұқсаттарды алу үшін барлық шараларды қабылдады немесе қабылдайды және сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде инвестициялау елінің мемлекеттік органдары енгізетін кез келген жаңа лицензиялық немесе рұқсат беру талаптарын сақтау үшін осындай лицензияларды немесе рұқсаттарды алу, ұзарту, жаңарту немесе түзету үшін барлық шараларды уақтылы қабылдайтын және барлық құжаттарды ұсынатын болады.

5) ол және / немесе шетелдік компания инвестициялау елінің мемлекеті алдында өзі қабылдаған инвестициялық міндеттемелерді орындайтын болады;

6) ол және / немесе шетелдік компания сақтандырушыны алдын ала хабардар етпестен және оның келісімінсіз, олар меншік құқықтарына және сақтанушының қатысуына, сондай-ақ сақтандыру шартына елеулі өзгерістерге әкелуі мүмкін қандай да бір іс-әрекеттерді қабылдамайды.

15. Сақтанушы құпиялылықты сақтауға кепілдік береді, яғни ол қандай да бір уақытта қандай да бір үшінші тарапқа, соның ішінде шетелдік компания мен инвестициялау елінің мемлекеттік органдарын сақтандырушының жазбаша келісімінсіз сақтандыру шартының болу фактісін ашпайтынына кепілдік береді.

16. Сақтандыру шартында қосымша кепілдіктер мен айрықша талаптар көзделуі мүмкін.

6-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

17. Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтанушының өтініші және оған қоса берілетін құжаттар сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.

18. Сақтандыру шартында мыналар қамтылуы тиіс:
- 1) сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
 - 2) сақтанушының Тегі, Аты, Әкесінің аты және тұрғылықты жері (егер ол жеке тұлға болса) немесе оның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса);
 - 3) сақтандыру объектісін көрсету;
 - 4) сақтандыру жағдайын көрсету;
 - 5) шартсыз франшиза мөлшері (бар болса);
 - 6) сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
 - 7) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері;
 - 8) сақтандыру шартын жасау күні және қолданылу мерзімі;
 - 9) сақтандыру өтемінің аумағы;
 - 10) сақтандыру шартының нөмірі, сериясы;
 - 11) сақтандыру шартының талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;
 - 12) сақтанушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар ету мерзімдері;
 - 13) сақтанушының сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;
 - 14) сақтандыру сомасы, сақтандыру төлемі және сақтандыру сыйлықақысы валютасының түрі;
 - 15) сақтандыру мүддесінің болуы.
19. Сақтандыру шарттары Тараптар арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы электрондық нысанда жасала алады.
20. Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша осы Сақтандыру қағидаларының негізінде және Сақтандырушының алқалы органының шешімі бойынша Сақтандыру қағидаларының жекелеген ережелерін өзгертуді, алып тастауды көздейтін сақтандыру шарттары, сондай-ақ Сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптар жасалуы мүмкін.
21. Сақтанушы сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда сақтандырушы сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру шартының телнұсқасын береді, одан кейін жоғалған сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.

7-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

22. Сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап, ал оны бөліп - бөліп төлеген кезде, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
23. Сақтандыру шарты осы Қағидалардың 15-тарауына сәйкес өзінің қолданылуын тоқтатады.
24. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.
25. Сақтандыру шартының әрекет ету орны (инвестициялау елі) сақтандыру шартында көрсетілген инвестициялау елінің аумағына ғана қолданылады.

8-тарау. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

26. Сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру сомасының мөлшері, егер

сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру объектісінің құнын растайтын құжаттар негізінде тараптардың келісімімен айқындалады.

27. Сақтандыру сомасы сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру Объектісінің құнынан аспауы тиіс.

28. Сақтандырушы сақтандыру объектісінің құнын айқындау үшін тәуелсіз сарапшыларды, бағалаушыларды тартуға құқылы.

9-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы

29. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандырушы әзірлеген сақтандыру сомасына қолданылатын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі.

30. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру шартына қосымша келісім жасасу жолымен сақтандыру сомасы өзгерген кезде түзетілуі мүмкін.

31. Сақтандыру сыйлықақысын сақтанушы біржолғы немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеуге тиіс. Сақтандыру сыйлықақысы қолма-қол ақшасыз түрде төленуі тиіс.

32. Сақтандыру сыйлықақысы мерзімі өткен сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде сақтандыру сыйлықақысы төленбеген жағдайда сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады, бұл туралы сақтандырушы сақтанушыға хабарлайды.

33. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) уақтылы төлемеген кезде сақтандырушы сақтанушыдан Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

10-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

34. Сақтанушының мынадай құқықтары бар:

1) сақтандырушыдан сақтандыру талаптарын, сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алу;

3) келтірілген залал мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы қызметін пайдалану;

4) келтірілген залал мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысу;

5) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дау айтуға;

6) сақтандыру шартында және осы Қағидаларда көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алу;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттер жасауға құқылы.

35. Сақтанушы міндетті:

1) сақтандыру шарты жасалғанға дейін де, сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде де сақтандыру оқиғасының туындауына елеулі әсер етуі мүмкін, өзіне белгілі барлық фактілер, жағдайлар мен талаптар туралы сақтандырушыны хабардар ету;

2) осы Қағидалардың 5-тарауында және Сақтандыру шартында көрсетілген барлық шарттарға бұлжымас кепілдік беру және орындау;

3) инвестициялау басталғанға дейін өзінде және/немесе шетелдік компанияда барлық талап етілетін лицензиялар мен рұқсаттардың болуын қамтамасыз ету;

4) франшиза мөлшерінде сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан туындауы

мүмкін Залал сомасына қатысу және сақтандыру объектісі құнының сақтандыру қорғауымен жабылмайтын бөлігін сақтандырмауы не бермеуі;

5) сақтандырушыға сақтандыру шартын жасау және іске асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді ұсыну;

6) оның ішінде сақтандырушының нұсқауларына сәйкес сақтандыру оқиғасының басталуын болдырмау және сақтандыру оқиғасы басталған кезде Залалдардың мөлшерін азайту бойынша, сондай-ақ Залалдардың орнын толтыру бойынша барлық шараларды жүргізуге міндетті.

7) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақыларын (сақтандыру жарналарын) төлеуге;

8) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлағаннан кейін келісімшарт бойынша қандай да бір төлемді алған кезде 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде сақтандырушыға жазбаша хабарлауға міндетті;

9) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты субъектіге (суброгация) талап қою құқығының мақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;

10) сақтандырушының алдын ала келісімінсіз сақтандыру шартының болу фактісін үшінші тұлғаларға ашпау;

11) осы Қағидалардың 6-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген оқиға орын алған жағдайда, шетелдік компанияны одан әрі сақтанушыға аудару үшін сақтандырушымен келісілген банктік шотқа келісім-шарт бойынша жеке тиесілі төлемді орналастыруға нұсқау беру;

12) сақтандырушыны сақтандыру шартында көрсетілген мерзімде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар ету;

13) егер бұл өзгерістер сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, шарт жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы сақтандырушыға 5 (бес) жұмыс күн ішінде хабарлауға міндетті.

Қағидалар 36-бабының бірінші абзацы Қоғамның Директорлар кеңесінің «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес баяндалды

36. Кепілдік берушінің мынадай құқықтары бар:

1) сақтанушыдан сақтандыру шартын жасасу және іске асыру үшін қажетті мәліметтерді ұсынуды талап ету;

2) инвестициялау елінің тиісті мемлекеттік органдарынан сақтандыру жағдайының басталу фактісін және шығын мөлшерін растайтын құжаттарды сұрату;

3) сақтандыру объектісінің құнын анықтау және/немесе сақтандыру жағдайы басталған кезде шығын мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сарапшының немесе бағалаушының қызметтерін пайдалану;

4) сақтанушыға тиісті шаралар қабылдау қажеттігін көрсете отырып, сақтандыру объектісін құтқаруға және сақтауға қатысу;

5) осы Қағидалардың 4-тарауында көзделген негіздер бойынша Сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттер жасауға құқылы;

Қағидалардың 36-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес 7) және 8) тармақшаларымен толықтырылды

7) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің өсуіне әкеп соққан жағдайлардың пайда болғаны туралы хабарланған жағдайда, Сақтандыру келісім шарт шарттарын өзгерту немесе қосымша сақтандыру жарнасын төлеуді талап ету үшін, Ережелердің 35-бабының 13-тармақшасына сәйкес. Егер Сақтанушы Сақтандыру келісім шартының шарттарын өзгертуге немесе сақтандыру жарнасын қосымша төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы Сақтандыру келісім шартын бұзуды талап етуге құқылы;

8) Сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау кезінде, егер сақтандыру жағдайы белгілі

бір сақтандыру жарнасын төлеуге дейін орын алған болса, төленбеген сақтандыру жарнасының сомасын есепке алу. Осылайша, бірінші сақтандыру жарнасы толық көлемде және Сақтандыру келісім шартында белгіленген мерзімде төленуі тиіс.

37. Сақтандырушы:

1) сақтанушыны инвестицияларды сақтандыру қағидаларымен таныстыруға және оның талап етуі бойынша осы қағидалардың көшірмесін ұсынуға (жіберуге);

2) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

4) сақтанушыға сақтандыру жағдайында шығындарды азайту үшін жұмсаған шығындарын өтеу;

5) Сақтанушы не оның өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, оған алдыңғы құжатты алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға міндетті.

38. Сақтандыру шартында тараптардың Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

11-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтанушының іс-әрекеті

39. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеу сақтанушыға жүктеледі.

40. Егер сақтандыру шартында өзгеше айтылмаса, сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін және/немесе сақтандыру жағдайының басталу тәуекелін ұлғайтатын оқиға басталған кезде, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы

1) ықтимал залалдардың алдын алу немесе азайту үшін барлық шараларды, оның ішінде сақтандыру объектісін құтқару және сақтау шараларын қабылдауы;

2) сақтандыру оқиғасының басталғанын растайтын құжаттарды алу үшін барлық шараларды қабылдауы;

3) ол сақтандыру оқиғасы туралы білген сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде осы оқиға туралы сақтандырушыға хабарлауға, оған оқиғаның мән-жайлары, Залалдың түрлері мен болжамды мөлшері туралы барлық белгілі мәліметтерді хабарлауға, сақтандырушымен одан әрі іс-қимылдарды келісуі;

4) сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсынуы;

5) сақтандырушыға залалдың себептері мен мөлшеріне қатысты тергеу жүргізуге, шығынды азайту және инвестицияларды құтқару жөніндегі іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беруі тиіс.

41. Сақтандырушы не оның өкілі сақтанушының оқиға туралы хабарламасын күтпестен сақтандыру оқиғасын тексеруге кірісуге құқылы. Сақтанушының оған бұған кедергі жасауға құқығы жоқ.

42. Сақтанушы сақтандыру жағдайы бойынша одан әрі барлық ақпаратты хабарлауға және сақтандырушыға қажетті көмек көрсетуге тиіс.

12-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

Қағидалар 43-бабы Қоғамның Директорлар кеңесінің «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес баяндалды

43. Сақтандыру жарнасы сақтандырушы тарапынан 46-бапта көрсетілген құжаттарға негізделе отырып төленеді.

44. *44-бап Осы Қауіпсіздік Қағидалармен 2026 жылғы «23» сәуірдегі №06 шешімімен Директорлар кеңесінің шешімі бойынша алынды.*

45. *44-бап Осы Қауіпсіздік Қағидалармен 2026 жылғы «23» сәуірдегі №06 шешімімен Директорлар кеңесінің шешімі бойынша алынды.*

46. Сақтандыру төлемін алу үшін сақтанушы мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:
Қағидалардың 46-бапты екінші тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «23» сәуірдегі № 06 шешімімен бекітілген редакцияда берілген

- сақтандыру оқиғасы туралы өтініш, сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтініш, Сақтандырушының корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылған нысанға сәйкес;
- өтініш берушінің жеке куәлігі (егер өтініш беруші жеке тұлға болып табылса);
- сақтандыру шарты;
- Сақтандыру объектісіне қатысты меншік құқығын растайтын құжаттар;
- сақтандыру жағдайының болуын дәлелдеу үшін: сақтандыру оқиғасының басталу фактісін растайтын мемлекеттік органдардың құжаттары мен нормативтік құқықтық актілері, егер оларды қандай да бір жолмен алу мүмкін болса, немесе сақтандыру оқиғасының басталу фактісін растайтын кез келген ресми және бейресми көздерден (бұқаралық ақпарат құралдарын қоса алғанда) алынған кез келген басқа ақпарат немесе куәліктер;
- келтірілген залал мөлшерін дәлелдеу үшін: сақтанушы жүргізген шығын мөлшерінің есебі;
- келтірілген шығынның себебі мен мөлшерін растайтын өзге де құжаттар.

13-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

47. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуы туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін, сондай-ақ сақтандыру төлемі үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынғаннан кейін сақтандырушы мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

1) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісі мен себептерін анықтайды; сақтанушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің шындыққа сәйкестігін тексереді; сақтанушының сақтандыру объектісін сақтауға мүдделілігінің болуын тексереді; сарапшыларды, бағалаушыларды тарту қажеттілігін айқындайды, өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асырады;

2) сақтандыру шартында белгіленген күту кезеңі ішінде сақтанушымен бірлесіп немесе зияндарды барынша азайту бойынша, егер мұндай мүмкін болса, дербес шаралар қабылдайды; *Қағидалар 15-бабының 3) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес баяндалған*

3) оқиғаны сақтандыру жағдайы деп таныған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтайды.

Қағидалар 48-бабы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес баяндалған

48. Сақтандыру төлемі сақтандырылған кезеңнің аяқталғаннан кейін, сақтандыру шартымен белгіленген күтілу мерзімі өткеннен кейін, сақтандырушыға ұсынылған құжаттар негізінде, осы Ережелердің 12-табында көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады:

1) сақтанушының қатысу құқықтары (үлестері) түрінде активтерінің ішінара немесе толық жоғалуына әкеп соққан оқиғалар туындаған жағдайда залал мынадай тәртіппен есептеледі:

залал = (инвестициялау елінің валютасындағы жоғалған активтердің баланстық құны) х (сақтанушының шетелдік компанияның жарғылық капиталына қатысу үлесі пайызбен).

2) сақтанушының үлестік бағалы қағаздарының ішінара немесе толық жоғалуына әкеп соққан оқиғалар туындаған жағдайда сақтандыру шарты бойынша залал мынадай тәртіппен есептеледі:

– шетел компаниясының үлестік бағалы қағаздарының жалпы санындағы сақтанушының жоғалған үлестік бағалы қағаздарының үлесі процентпен есептеледі;

– залал = (сақтандыру жағдайы туралы хабарлама берілген күнгі инвестициялау елінің валютасындағы меншікті капиталдың мөлшері) x (сақтанушының жоғалған үлестік бағалы қағаздарының үлесі пайызбен);

3) кесте бойынша ішінара қарызды өтемеуге немесе толық өтемеуге әкеп соққан оқиғалар туындаған жағдайда, шығын қарыз бойынша негізгі борыштың сақтандырылған қалдығына тең.

49. Залал сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауы тиіс.

50. Сақтандыру төлемі шартсыз франшиза шегеріле отырып, шығын мөлшерінде сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемі = залал - шартсыз франшиза. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Шартсыз франшизаны ұстап қалу тәртібі Сақтандыру шартында айқындалады.

51. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін анықтаудың өзге тәртібі көзделуі мүмкін.

52. Залал мөлшері, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру оқиғасы туралы хабарлама берілген күнгі инвестициялау елінің валютасына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша қазақстандық теңгемен айқындалады.

53. Сақтандыру төлемін жүзеге асырғанға дейін сақтанушы сақтандырушымен төленетін сақтандыру төлемі мөлшерінде талап ету құқығын беру туралы шарт жасасуға тиіс.

54. Егер сақтанушы үшінші тұлғалардан келтірілген залал бойынша өтем алған болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін шартсыз франшизаны ескере отырып, келтірілген залал мөлшері мен Сақтанушы алған өтем арасындағы айырма мөлшерінде жүзеге асырады.

55. Үшінші тұлғалардан келтірілген залал бойынша төлемді немесе өтемді алған Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру төлемінің артық алынған сомасын қайтаруға міндетті.

56. Залалдың себептері мен мөлшері туралы тараптар арасында даулар туындаған жағдайда тараптардың әрқайсысы сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Сараптама оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі.

57. Сақтанушының залалдарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын, егер мұндай шығыстар қажет болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жүргізілсе, тіпті тиісті шаралар сәтсіз болса да, сақтандырушы өтеуге тиіс. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде, алайда сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемақысының жалпы сомасы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспайтындай етіп өтеледі. Егер шығыстар сақтанушының сақтандырушының нұсқауларын орындау нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз толық мөлшерде өтеледі.

58. Сақтандырушы Сақтанушының ықтимал шығындарды азайту үшін қасақана ақылға қонымды және оған қол жетімді шаралар қабылдамауы салдарынан туындаған залалдар бөлігінде Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

59. Егер сақтанушы осы Қағидалардың 12-тарауында көрсетілген құжаттарды ұсынбаса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

14-тарау. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

60. Сақтандырушы сақтанушыдан сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы хабарлама алған күннен бастап (бірақ осындай оқиғаның нақты басталған

күнінен ерте емес) 180 (жүз сексен) күнтізбелік күнге дейінгі күту кезеңін белгілейді, ол аяқталғаннан кейін сақтандыру төлемі туралы не сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы сақтанушыға жазбаша нысанда хабарлайды.

61. Егер сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін негіздейді.

62. Сақтандырушы шешім қабылдайды және күту кезеңі аяқталғаннан кейін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде не тараптардың келісімі бойынша айқындалған мерзімде сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

63. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына сақтанушы сотқа шағым жасай алады.

64. Егер инвестициялау елінің немесе Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдары сақтанушының немесе шетелдік компанияның қызметіне байланысты қылмыстық іс қозғаса, сақтандырушының сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау мерзімін тергеу немесе сот талқылауы аяқталғанға дейін кешіктірілу себептері туралы сақтанушыны жазбаша хабардар ете отырып, кейінге қалдыруға құқығы бар.

65. Сақтандырушының, егер сақтандыру жағдайын немесе залал мөлшерін растайтын құжаттардың түпнұсқалығына дәлелді күмән болған жағдайда, осындай құжаттардың түпнұсқалылығы расталғанға дейін сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқығы бар.

15-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

66. Егер өзгесі сақтандыру шартымен белгіленбесе, сақтандыру шарты мына жағдайларда өз қолданысын тоқтатады:

1) сақтандыру шарты бойынша сақтандырушының сақтанушы алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындауы;

2) сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;

3) сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпшен таратылуы;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда.

67. Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Тараптар Шарттың қалған қатысушылары келіскен жағдайда шарт тараптарының жеке келісімін жасасу арқылы сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

68. Сақтандыру шарты мынадай жағдайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) Сақтандыру объектісі жоқ болғанда;

2) Сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылды және Сақтандыру тәуекелінің болуы Сақтандыру жағдайынан өзге жағдайлар бойынша тоқтатылғанда;

3) сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;

4) Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу мерзімі өткен сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеуі;

5) заңнамада көзделген өзге де жағдайларда.

Көрсетілген жағдайларда Сақтандыру шарты Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде осы тармақта көзделген мән-жайлар туындаған сәттен бастап тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап дереу, бірақ 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсына отырып, басқа Тарапты жазбаша хабардар етуге тиіс. Бұл ретте мұндай жазбаша хабарлама Сақтандыру шартын тоқтату фактісінің құжаттамалық растамасы болып табылады, ал Сақтандырушының Сақтандыру қолданылған уақытқа барабар Сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқығы болады.

69. Осы Қағидалардың 68-тармағына сәйкес сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, егер сақтандыру шартында өзгесі белгіленбесе, сақтандырушы сақтанушыға қайтаруға жататын сақтандыру сыйлықақысы сомасының 20% - ын және шартты мерзімінен бұрын бұзғаны үшін төлем ретінде бұзылған күннен бастап сақтандыру кезеңі аяқталған күнге дейін барабар сақтандыру кезеңіне ұстап қалуға құқылы.

70. Сақтанушы сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, егер бұл осы Қағидалардың 68-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, қайтарылуға жатпайды.

71. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату сақтандырушының кінәсінен оның талаптарының орындалмауынан туындаған жағдайларда, соңғысы сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.

16-тарау. Суброгация

72. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға сақтанушының сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға төленген сома шегінде талап ету құқығы ауысады.

73. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді кідіріссіз беруге және оған өзіне ауысқан сақтандырушының талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

74. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде туындаған залалды өтеу бойынша залалдарға жауапты тұлға немесе үшінші тарап жүзеге асырған өтем сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтандырушыға тиесілі болады. Сақтанушы сақтандырушыға осы өтемдер туралы дереу хабарлауға және оларды сақтандыру төлемі шегінде шартсыз франшизаны шегере отырып, алған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде сақтандырушыға беруге міндетті.

75. Сақтанушы сақтандырушыға сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартуына байланысты мән-жайлар туралы немесе сақтанушының кінәсінен осы құқықты жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда дереу хабарлауға міндетті. Осы мән-жайлар туралы хабардар етілген сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

17-тарау. Қосымша шарттар

76. Тараптардың келісімі бойынша осы Қағидаларға сәйкес жасалатын сақтандыру шартына, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, қосымша талаптар енгізілуі мүмкін.

18-тарау. Дауларды шешу тәртібі

77. Сақтандыру шарты бойынша сақтандырушы мен сақтанушы арасында туындайтын дауларды олар келіссөздер жолымен қарайды.

78. Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

Келісу парағы

Жоба бойынша: «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Инвестицияларды сақтандыру қағидалары

Әзірлеуші: Сақтандыру және кепілдік департаменті

ІНҚ иесі: Сақтандыру және кепілдік департаменті

Лауазымның атауы	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қолы	Қол қойылған күні
Басқарма Төрағасының Орынбасары	Мукажанов Куаныш Амангельдиевич		
Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры	Нурмухамбетов Серик Кайдарович		
Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры	Шабарбаева Лейла Галымжановна		
Комплаенс-қызметінің басшысы	Жакаева Асель Сейтжановна		
Андеррайтинг департаментінің директоры	Куанбаев Эльдар Болатканович		
Талдау және жобалық басқару департаментінің директоры	Камбаров Тасболат Мырзабекович		

Сақтандыру және кепілдік департаментінің директоры _____ Нуранов Д.А.